

**«Ступинка негізгі мектебінің» КММ мектеп педагог-психологының
Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен
жүргізілген жылдық жұмыс есебі.
2024-2025 оқу жылы.**

Мақсаты: психикалық даму тежелуі бар балалармен дамыту-түзету жұмыстарын жүргізуді жүзеге асыру және келешекте баланың толық дамыған тұлға болып қалыптасуы мен әлеуметтік ортаға бейімделуін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Баланың психикалық іс-әрекеттерін дамыту;
- Түзету-дамыту жұмыстарын жүзеге асыру;
- Әр баланың жекелей қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту;

Жұмыс барысы:

Ұйымдастырушылық-әдістемелік кезең. Бұл кезеңде ПМПК ұсынысы және арнайы мамандарының ұсынысы (жекелей кеңестер жүргізу арқылы) бойынша балаларды жинау. Диагностикалық кезең. Балаларды жекелей сараптамадан өткізу, анықтамалық мәліметтер жинау. Түзету-дамыту кезеңі. Балалармен жекелей және топтық сабақтар жүргізуі. Қорытынды кезең. Қорытынды сараптама жүргізу және қорытындысын шығару.

Жылдық жоспарға сай жұмыстар жалғастырылды. ЕББҚ оқушыларға жеке кесте бекітілді. Мектеп жасындағы кейбір оқушылардың сөйлеуіндегі ең көп кездесетін кемшіліктердің бірі – дыбыс айтудағы бұзылыстар. Әр жастағы балаларда сөйлеу тілінің әр түрлі бұзылыстары кездеседі. Олардың ішіндегі ең көп таралған түрі – дыбыс айту кемшіліктері. Әдетте келесі дыбыстардың топтарын айтқанда кемшілік байқалады. Дыбыстардың дұрыс айта білмеу себебі: әдетте артикуляциялық моториканың бұзылуынан немесе жеткіліксіз қалыптасуынан болады.

Қыркүйек айында: Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың психикалық даму ерекшеліктері туралы диагностикалық іс-құжаттары жинақталды. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың ата-аналарының құжаттары, оқушылардың құжаттары жинақталды.

4 Б сынып оқушысы Власов Арсений ПМПК қорытындысы бойынша «Психикалық дамудың тежелуі диагнозы қойылған. Арсениймен - жалпы моториканы дамыту бойынша, қоршаған орта туралы түсініктерін байыту, танымдық белсенділік пен білуге құштарлықты дамыту, когнитивтік үдерістерді дамыту, көру-кеңістіктік қатынастарды қалыптастыру, сенсорлық түсініктерді дамыту. диагностикалық, түзету-дамытушылық жұмыстар

жүргізілуде. Арсенийдің тапсырмаларды орындау қарқыны төмен, баяу. Тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен орындайды, жаңа материалды игерудің баяу, логикалық есте сақтау қабілетінің төмендеуі, бірақ сабақ кезінде сыныбындағы оқушылармен ашық-жарқын сөйлеседі. Сабаққа деген қызығушылығы жақсы, сөздік қоры жеткілікті, кейде сөзбен айтып жеткізу және диалог кезінде дұрыс сөзді табу қиын соғады. Таным процестерін зерттеуге арналған «Зейін функцияларының даму деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша және тұлғааралық қатынасты анықтауға арналған В.Ф.Ряховскийдің «Қарым – қатынас компетенттілігін анықтауға арналған» әдістемесі жүргізілді.

4 Б сынып оқушысы Гардер Евгений 2024 жылдың 2-ші қыркүйегінде «Интеллекттің жеңіл бұзылысы» диагнозы бойынша есепке алынды. Евгенийдің оқу материалын игеруде есте сақтау қабілеті төмен. Евгениймен арнайы зейінін дамыту жаттығулары, шығармашылық қабілетін дамыту, ойын арқылы ақыл-ойды қалыптастыру ойлау қабілетін дамыту жұмыстары және таным қабілетін логикалық ой-өрісін кеңейту, сабаққа ынтасын арттыруда дидактикалық ойындарды ұтымды пайдалану, түзету дамыту жұмыстары жүргізілуде. Евгенийдің сөйлеу тілі бұзылыстарына сәйкес коррекциялық бағдарламалар жасалып, әр бір баламен сөйлеу картасын жеке өзімен бірге толтыру жұмыстары жүргізілді. Евгениймен атқарылған жатқан жұмыстар өз жүйесінде өткізілді. Түзету-дамыту блогынан мектеп психологі мен әлеуметтік педагогтың көмектері көрсетіліп отырылады. Гардер Евгений артикуляциялық жаттығулар жасау, дыбыстарға байланысты тақпақтар және әріптермен машықтандырылды. Сабаққа деген ынтасы жақсы болғанымен, қабылдау қабілеті орташа деңгейде. Есте сақтау қабілеті орташа. Дыбыстарды машықтандыру жалғасуда.

8 «Б» сынып оқушы Зеленский Роман медициналық тексеру нәтижесінде 24.08.24 жылы «Жеңіл зерде бұзылысы бар. Сөйлеудің жалпы дамымауы III-деңгейі» диагнозі бойынша есепке алынды. Романға мектеп педагог-психологының негізгі бағыттары бойынша психодиагностика, психологиялық кеңес беру, психологиялық ағарту, дамытушылық және психокоррекциялық жұмыстары бойынша арнайы сабақ кестесі мен жұмыс жоспары бекітілді. Романның сабаққа деген қызығушылығы жақсы, мұғалімдермен және сыныптастарымен қарым-қатынасы жақсы, ойын ашық жеткізеді, есте сақтау қабілеті төмен, зейіні тұрақсыз. Оқушылармен сабақ процесіне жақсы қатысады, жаңа сабақты түсінуге мүмкіншілігі төмен. Романға психологиялық оңалтудың мынадай әдістерін қолданады:

әңгімелесу, жеке психологиялық консультациялар, психологиялық көмек, рөлдік ойындар, тренингтік жаттығу жұмыстары жүргізіледі.

ПМПК қорытындысы бойынша біздің оқушылар Гардер Евгений, Власов Арсений 2024-2025 оқу жылында «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасы» КММ «Шал ақын ауданы білім бөлімі» КММ «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ-нің педагог-логопед, педагог-дефектологтың сабақтарына қатысты. Сабақтарда мынадай мақсаттар қойылды: сенсорлық қабылдауды дамыту, есте сақтауды дамыту, зейінді дамыту, ойлауды дамыту, қиялды дамыту, сөйлеуді дамыту, қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, графикалық-моториканы дамыту. Мамандардың бұл жұмысты ұйымдастыру балалардың ресурстарын сарқып алмай, оқыту процесінде барынша жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, осылайша білім беру мекемесінің қабырғаларында олардың дамуы үшін қолайлы психологиялық жағдай жасайды. Мұндай өзара әрекеттесу схемасы педагог-дефектолог пен педагог-логопедтің жұмысына бір мақсатты көздеп, бірақ оған әртүрлі тәсілдермен қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Орындаған: педагог-психолог Исиркепова А.А